

## ҚАУЛЫ шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы

Мырзакент кенті

2025 жыл 17 сәуір

Мақтаарал ауданының прокуроры аға әділет кеңесшісі Досаев А.Т., ҚР ҚК-нің 174-бабы 2-бөлігі бойынша №255143031000056 СДТБТ сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын зерделей отырып ҚР ҚПК-нің 105-бабы тәртібінде Саржанов Галымжан Турлыбековичтің (Е. [REDACTED] мүддесі үшін) №3Т-2025-01196565 шағымын қарап,

### АНЫҚТАДЫМ:

Мақтаарал аудандық полиция бөлімімен (бұдан әрі АПБ) қылмыстық кодекстің (бұдан әрі ҚК) 174-бабы 1-бөлігімен басталған №255143031000006 сотқа дейінгі тергеп-тексеру ісі бойынша жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу барысында, «Whatsap» әлеуметтік желісінде ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыратын аудио және видеожазбалар жарияланғаны анықталған.

28.02.2025 жылы бұл факт Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің 174-бабы 2-бөлігі көзделген қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бойынша Мақтарал ауданының ПБ №255143031000056 СДТБТ-ға тіркелді.

2025 жыл 14 сәуір Түркістан облысы Мақтаарал ауданының прокуратурасы Ғ.Саржановтың №3Т-2025-01196565 жауап алу хаттамасын заңсыз деп танып, дәлелдеме қатарынан алып тастау бойынша шағымы келіп түскен:

Онда күдікті Е.К. [REDACTED] 01.03.2025ж. жауап алу хаттамасын заңсыз деп танып, дәлелдеме қатарынан алып тастау және заң бұзушылыққа жол берген қызметкерлерге қатысты шара көру туралы уәждер келтірген.

Шағым келіп түскен кезде №255143031000056 сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша алдын ала тергеп-тексеру барысында болған.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарын зерделеу және баяндалған дәлелдерді тексеру нәтижелері бойынша Ғ.Саржановтың №3Т-2025-01196565 шағымы мынадай негіздер бойынша қанағаттандырудан бас тартуға жатады:

09.04.2025ж. тергеуші Д.Жақсылық қорғаушы Ғ.Саржановтың іс бойынша ҚПК 99-бабына сәйкес келтірген өтінішхатын (күдікті Е.К. [REDACTED] 01.03.2025ж. жауап алу хаттамасын заңсыз деп танып, дәлелдеме қатарынан алып тастау жөнінде) қанағаттандырудан бас тартқан.

Іс бойынша ҚПК 24-бабының талаптарына сәйкес тергеушімен қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шаралар қолданылған.

Тергеушінің тергеп-тексеру барысындағы іс-әрекеттерінде (күдіктіден жауап алу) заң бұзушылықтар орын алмаған.

Қорғаушының күдікті Е.К. [REDACTED] 01.03.2025ж. жауап алу хаттамасын заңсыз деп танып, дәлелдеме қатарынан алып тастау жөніндегі уәждері объективті деректермен бекітілмеген.

Баяндалғанның негізінде ҚПК-нің 105-бабының 3,4-бөліктерін, 198-бабын басшылыққа ала отырып,

### ҚАУЛЫ ЕТТІМ:

1. Ғ.Саржановтың 2025 жыл 14 сәуір №3Т-2025-01196565 жауап алу хаттамасын заңсыз деп танып, дәлелдеме қатарынан алып тастау туралы шағымын – шағым жасалатын шешімнің күшін жоюмен немесе өзгертумен қанағаттандырудан бас тартылсын.

2. Осы қаулы, Ғ.Саржановтың шағымы және тексеру материалдары сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдарына қоса тігілсін.

3. Қаулының көшірмесі қадағалаушы прокурорға жіберілсін.

4. Шағым берген адамға ҚР ҚПК-нің 106-бабы тәртібінде сотқа осы қаулыға шағымдану құқығын бір мезгілде түсіндіре отырып, қабылданған шешім туралы хабарлансын.

**Мақтаарал ауданының прокуроры  
аға әділет кеңесшісі**

**Досаев А.Т.**



QR-код ЭЦК қойылған PDF форматтағы электрондық құжаттың хэш соммасын қамтиды



QR-код қол қойған тұлғаның ЭЦК туралы деректерін, лауазымын, мемлекеттік органның атауын, құжатқа қол қойған күнді мен уақытты қамтиды

200000146436  
(шығыс нөмірі)  
17.04.2025 ж.

*Лісне хат*

**"Zań jáne Ququq advokattyq keńsesi"**

Қазақстан Республикасы,  
Алматы, Алмалы ауданы, ---,  
Абылай Хана көшесі, 79/71  
үй, 304 пәтер

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 105-бабына сәйкес №ЗТ-2025-01196565 шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы қаулысы жолданады.

Қосымша: қаулы \_\_\_ парақта.

**Мақтаарал ауданының прокуроры  
аға әділет кеңесшісі**

**Досаев А.Т.**

*орынд.: Саржан Е.Е.*  
*тел.:*



QR-код ЭЦК қойылған PDF форматтағы электрондық құжаттың хэш соммасын қамтиды



QR-код қол қойған тұлғаның ЭЦК туралы деректерін, лауазымын, мемлекеттік органның атауын, құжатқа қол қойған күнді мен уақытты қамтиды